

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ӨЗБЕК
ТІЛІНДЕГІ АУДАРМА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**
TRANSLATION PECULIARITIES OF ABAY KUNANBAYEV'S
“BOOK OF WORDS” IN UZBEK LANGUAGE

З. ХАЛМАТОВА*

Түйіндеме

Көркем аударманың негізгі қайнар көзі көркем шығарма және әдебиет болып саналады. Көркем әдебиетті аудару барысында аудармашы көптеген қиыншылықтарға жолығады. Әдебиет мәтіні экспрессивті немесе эмоциональді, эстетикалық ақпарат беретін құрал болғандықтан, оның оқырманға образды-эмоциональді әсер ететін ерекшелігі болуы қажет.

Бұл мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің өзбек тіліндегі аударма ерекшеліктері, оның ішінде лингво-мәдени аспектілері, әдеби стиль болып саналатын теңеу мен эпитеттердің аударылу ерекшеліктері қарастырылған.

Кілтті сөздер: Теңеу, көркем шығарма, көркем аударма, аударма ерекшеліктері.

Summary

The art of translation is considered to be the main source of art and literature. Fiction translation, the translator will meet with many difficulties. The text of the literature expressive or emotional and aesthetic information is a tool that should be a distinctive image and emotional impact on the reader.

In this article has given the translation features of the great Kazakh poet Abay Kunanbayev's "Book of Words" in Uzbek language, including the level of lingual-cultural aspects and provided translation features of epithets in literary style.

Key words: Epithet, art literature, art translation, translation features.

Бүкіл әлем таныған қазақтың ұлы ақыны, жазушысы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ халқының алға басуына зор үлес қосқан ойшыл әрі қоғам қайраткері Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының (1845-1904) шығармалары қазіргі таңда әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, филология ғылымдарының магистрі. Түркістан-Қазақстан.

International Kazakh-Turkish University named Ahmet Yassawi, Master of Philological sciences. Turkistan-Kazakhstan. E-mail: ziyoda.khalmatova@gmail.com

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған [1].

1890 жылдан бастап Абай қара сөздерді жаза бастайды. Бұл кітап Абайдың көп қайрат-жігерін сарқады. Кітапта ХІХ ғасырдағы қазақ феодалдық қоғамының саяси, экономикалық, оқу-ағартушылық, моральдық, салт-дәстүрлік және басқа түрлі жақтарының жағдайы мен мәселелері қамтылған, қазақ тарихы мен қоғамдық өмірін зерттеудің ең алғашқы құжаты, көп кездесе бермейтін әдеби, тарихи материал, әрі Абай өз халқына қалдырған құнды мәдени мұра.

Абайдың қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды [1].

Абайдың «Қара сөздері» мен өлеңдерін өзбек тіліне аударған У.Уринбаев қазіргі таңда әлемнің Абай шығармаларының ішіндегі терең ойды түсіну үшін үлкен қызығушылық танытып отырғанын атап көрсетті. У.Уринбаев Абайдың «Қара сөздерін» «Насихат Сузлар» деп аударған [5]. Мұның себебі, Абайдың «Қара сөздері» - терең фәлсафалық, этикалық, эстетикалық, философиялық және психологиялық ойларға толы, тіршілік түйткілдерін дәл болжай білген құнды еңбек. Қара сөздердің басты тақырыбы – адам, жеке тұлға, ал басты мақсаты - адам тәрбиесі. Адамдар үшін еңбек ететін, жан-жақты жетілген адам Абайша айтқанда, «толық адам». Ол «нағыз адам», «толық адам» қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі қара сөздерінде халқына жанашырлық танытумен қатар, ақыл-насихат береді [4].

Мақалада Абайдың «Қара сөздерін» өзбек тіліне аударған У.Уринбаевтың [5] еңбегі лингво-мәдени аспектілер тұрғысынан, аударма түрлеріне байланысты құрылымдық және семантикалық

ерекшеліктері және сол XIX ғасырлардың соңына тән сөздердің өзбек тіліндегі баламалары мен аудармалары қарастырылған.

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл. Аударма әрқашанда адамдар, қауымдар, халықтар арасындағы тәжірибе алмасудың дәнекері. Аударма сөз – әдебиет, публицистика ғылымдарының ажырамас бір бөлігі. Әрі халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы. Аударма халықтың мәдени өмірінің бір саласы, халықтар арасындағы үзілмейтін үрдістің бірі [3].

Көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдебиеттің бір саласы. Орта ғасырлардан бастап қазақ әдебиетінде де шығыста бұрыннан белгілі бір сюжетті арқау ете отырып шығарма жазу дәстүрі болған. Шынайы аударма қалай да түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне қарай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп бөлінеді. Көркем аудармада - әдеби шығарма бастан аяқ сөзбе-сөз тәржімаланбайды, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын және бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі [7].

Абайдың «Қара сөздерінің» өзбек тіліндегі аудармасында ең алдымен мақал-мәтелдердің өзбек тіліндегі баламасын қарастыратын болсақ, туыстас тілдер арасындағы аударма болғандықтан ұқсастықтарының басым болуы, түпнұсқадағы мақалдың қаншалықты жақын келетіндігінен дәлме-дәл аударылған. Мысалы, Абай 3-ші қара сөзінде «Би екеу болса, дау төртеу болады» деген мақалының өзбек тіліндегі баламасы «Бий иккита бұлса, дов-жанжал тұртта бұлади» деп дәлме-дәл аударылған. «Түстік өмірің болса, күндік мал жи» мақалының өзбек тіліндегі баламасы «Ярим кунлик умринг қолса, бир кунлик озик ғамла»; «Өзінде жоқ болса, әкең де жат» мақалы «Ўзингда бўлмаса, отанг ҳам бегона»; «Мал – адамның бауыр еті» - «Мол-дунё – одамнинг жон-жигари»; «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық» - «Моли кўпнинг юзи ёруғ, молсизниг юзи шувут»; «Ер азығы мен бөрі азығы жолда» - «Эр озиғи билан, бўри озиғи йўлда»; «Ердің малы елді, еріккенде қолда» - «Йигит моли елида, истаганда кўлида»; «Берген перде бұзар» - «Бировдан мол олиш уятсизлик»; «Алаған қолым берген» - «Олган кўлим - қайтарар»; «Мал тапқан ердің жазығы жоқ» - «Мол топқан йигитнинг ёмонлиги бўлмас»; «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз» - «Бойдан умид қилмаган – худодан умид

қилмас»; «Қарның ашса, қаралы үйге шап» - «Оч қолсанг таъзия бұлган уйга чоп» деп көрсетілген [5-ші қара сөз] [5].

Абай 6-шы қара сөзінде: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалды мысалға келтірген. Мұны өзбек тіліне аудармашы былай аударған: «Хунар тотувликта, бахтли хаёт мехнатда». Бұл мақалдың өзбек тіліндегі баламалары тура келмейтін болғандықтан аудармашы мақалдың мән-мағынасын өзіндік стилін қолдана отырып түсіндірген [4].

Абай иман, сенім туралы айтқан 13-ші қара сөзінде: «Қылыш үстінде серт жоқ» мақалының баламасын аудармашы өзбек тілінде «Эгилган бошни қилич кесмас» деп қолданған. Яғни, Алла тағаланың кешпес кінәсі жоқ деген мағынаны білдіреді. «Ырыс баққан дау бақпас» деген мақалын «Бахти юришган даъво қилмас», яғни парасатты адам әрқашан да дау-жанжалдан аулақ болады деген мағынаны береді [22-ші қара сөз].

Абай сол кездерде қолданылатын кейбір мақалдарға да сын көзбен қараған. Олардың адамгершілікке, жақсылыққа алып бармайтынын атап көрсеткен. Мысалы, 29-шы қара сөзінде «Жарлы болсаң, арлы болма...» мақалының өзбекше баламасы «Камбағал бұлсанг, уятсиз бұл». Бұл мақал туралы Абай: «...Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын...» дейді. «Қалауын тапса, қар жанады» - «Қаловини топсанг, қор ёнади», бұл туралы Абай: «...қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой...». «Атың шықпаса, жер өрте» мақалында Абай: «...жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат?...». Бұл мақалды аудармашы өз стилін қолдана отырып, «Ном қолдирай десанг, шахарга ўт кўй» деп ашып түсіндірген [5].

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» мақалын аудармашы «Олтин кўрса, фаришта хам йўлдан озади» деп дәл баламасын көрсеткен. Бұл мақалдың бірнеше түрік тілдес елдердің тілдік қолданысында бары рас. Алайда, Абай бұл мақалға «...Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны...» деп, адамның нәпсісін тыя алмайтындығы туралы айтады.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» мақалын «Ота-онадан мол азиз, олтин уйдан жон азиз» деп аударған. Қазіргі таңда бұл мақал мүлдем қолданыста жоқ, алайда сол кездерде жиі қолданылған. Бұл мақалға Абайдың 29-шы қара сөзінде: «...Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі

емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек» делінген.

39-шы қара сөзіндегі: «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой» мақалының өзбек тіліндегі баламасын аудармашы: «Ошиғингни улоқтир, олчи тушса, хожатингга ярат» деп аударған. Ал, «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» мақалының аудармасын «Хар ким ўз бошига бий бўлса, баланд тоққа сиғмайсан, бошлиғинг бўлса, ёнган ўтка куймайсан» деп көрсеткен. Бұл жерде аудармашы өзіндік стилін қолдана отырып, оқырманға мақалдың мағынасын жеткізу үшін ашып түсіндіреді.

Қазақ мақалдарының көпшілігі тек өзіне тән ерекшеліктері болғандықтан, аударма тіліндегі баламалары болмайды, сондықтан да аудармашылар аудару аясында еркін аударма қолданады, кейде мақалдың мән-мағынасын ашып, аударма тіліне сай келістіріп аударады. Кейде мақалдарды жай ғана сөйлемдермен негізгі ойды түсіндіріп аударады [2].

Абай «Қара сөздерінде» қоғам мүшелерінің мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын, психологиясы жөніндегі тұжырымдарының түйінін, өмір тәжірибесінен жинақталған философиялық ойлардың ұтқыр да ұтымды, жатық та көркем көрінісін тек қана мақал-мәтелдермен емес, сонымен қатар тұрақты тіркестермен жеткізген. Мысалы, «...жер ортасы жасқа келдік...» тіркесінің өзбек тіліндегі аудармасы «кексайдим» яғни *қартаю* деген мағынаны береді. Кейде қартаю мағынасын беретін «бір аяғы жерде, бір аяғы көрде» немесе «жасы барып қалу» тіркестері қолданылады [1-ші қара сөз]. Адам баласының қорқынышын немесе ұялуын білдіретін тіркесті Абай 5-ші қара сөзінде «...жерге ене жаздау...» десе, аудармашы оның өзбек тіліндегі баламасын «ер чизиб турарди...» деп жеткізген. Сонымен қатар *ұялу* мағынасын білдіретін «бетінен оты шықты, беті қызарды» тіркестері де өзбек тілінде дәл сол баламалармен сипатталады.

Абай 7-ші қара сөзінде «...тәннің құмарлары болмаса, тән жанға қонақ бола алмайды...» деген. Өзбекше аудармасы «...жисмининг хохиши бўлмаса, тана жон үчун ором беролмайди...». Бұл жерде адамның *ішу*, *жеу*, *ұйықтау* сияқты тәннің құмарынсыз тән жан әсерін бере алмайды деген мағынаны білдіреді.

«...жанды тэнге бас ұрғыздық...» аудармасы «...жонимизни танамизга тобе қилдик...», яғни *жанымызды денемізге* бағындырдық деген мағынаны береді [7-ші қара сөз].

«...аяғын алып келіп мақтанға орналастырғанша...» тіркесінің аудармасы «...хаммасини изга тушириб бұлгунча...», *барлық тірлікті өз орнына, өз қалпына келтіргенше* деген мағынаны білдіреді. «...қой жүнді қоңыршалар...» аудармасы «...құйдек ювош бечоралар...», *қойдай жуас, «қоңыршалар» бейшаралар* мағынасын білдіреді [8-ші қара сөз].

«...өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің...» аудармасы «ўзинг бировнинг қўлига қарам бўлар кексалик даражасига ета оласанми...», бұл жерде «қаруың қайтарлық» күш-қуатың кететін, қартаятын жасқа жетуге кепіл бар ма, жоқ па? Осы мағынада сипатталған тіркес болып табылады [9-шы қара сөз].

Кейбір тұрақты сөз тіркестердің туыстас тілдерде де баламалары бірдей болғандығын байқауға болады. Мысалы «*қасқыр жүректі*» тіркесінің өзбекше баламасы «*бўри юракли*», яғни батыл мағынасын білдіреді. «*Жастығы тозбастай*» сөзінің өзбек тіліндегі баламасы «*ёстиги тўзмай*», яғни *күш-қуаты кетпеген* немесе *ескірмеген* мағынасын білдіреді [14-ші қара сөз].

15-ші қара сөзінде «*ақылдың көзін байлап*» сөз тіркесінің аудармасы «*ақлдан оздириб*», яғни ақылдан азған адам туралы айтылған. «*Табанының топырағы көзге сүртерлік*» аудармасы «*оёгини чангини көзга суришига арзигулик*», яғни қасиетті, құрметті мағынасын білдіреді [17-ші қара сөз].

“Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып...” дегендегі «*айран ішерім*» тіркесі «*уст бошини бозорга солгудек мақтаб*», өтіріктен мақтау деген мағынаны береді [18-ші қара сөз]. «*көкірек көзің ашылады*» - өзбекше баламасы «*кўзи очилади*», дүниеге деген көз қарасы өзгеру, шындықты үйрену [25-ші қара сөз]. «*өз сүретімен ішке жайгастырып алады*» аудармасы «*уз аслидек ичига жойлаб олади*», яғни қалай болса дәл сол күйінде қабылдау деген мағына береді [32-ші қара сөз]. «*Өтірікке сүттей ұйып*» аудармасы «*ғийбат сузга ериб*», өсекке сену, сөзге еру мағынасын білдіреді [40-шы қара сөз]. «*Етінен өткен, сүйегіне жеткен*» аудармасы «*суягига синган*», ауру немесе әдет, сіңіп қалу мағынасын береді [41-ші қара сөз].

Халматова З. Абай Құнанбаев қарасөздерінің өзбек тіліндегі аударма...

Абай өзінің қара сөздеріндегі мақал-мәтел болсын, тұрақты тіркестер болсын тек қана қолданып қоймай, оқырманға түсінікті болуы үшін олардың мән-мағыналарын ашып отырды. Сонымен қатар, Абайдың қара сөздерінде араб, парсы сөздері көп қолданылған:

№	Түпнұсқа	Қазіргі қазақша	Өзбекше аудармасы
1	ләкин	бірақ	лекин
2	уа	және	ва
3	михнат	еңбек	мехнат
4	хүзур	бақ-береке	хузур
5	бахас	тартысу	бахслашмоқ
6	хушідшілік	қызығушылық	хусумат
7	хирслану	артықша беріліп кету	ортиқча беріліб кетіш
8	мұлахаза	ойлау-толғау	мулохаза
9	мұхафаза	берік ұстау	мухофаза
10	ядкар	мұра	ёдгор
11	һәмишә	әрқашан	хамиша
12	һәм	әрі	хам
13	хаят	өмір	хаёт
14	һаммасы	барлығы	хаммасы
15	бірлән	менен, бірге	билан

XIX ғасырдың II жартысы қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі түбегейлі өзгерістермен сипатталады. Сол себепті, орыс үкіметінің қазақ еліне енгізген өзгерістеріне байланысты, көптеген орыс терминдері қолданыла бастады. Абайдың шығармашылық кезеңін біз Абай дәуірі деп атаймыз. Сондықтан да *округ, болыс, право нормалары, реформа, уезной начальник, военный губернатор, образование, назначение* деген орыстың сөздерін Абай өз шығармаларында қолданған [4]. Ал, өзбек тіліндегі аудармасында бұл сөздердің өзбекше баламасы қолданылған. Алайда оқырманға нақты әрі түсінікті тілмен жеткізілген.

Қорыта келгенде, Абай қара сөздерін сол уақыттағы араб, парсы тілдерінің және түркі тіліндегі дәстүрлерді қолданып жазған. Мұның бірден бір себебі Абайдың жастайынан Науаи, Физули, Фирдоуси, Сағди, Қожа Хафиз тәрізді ұлы классиктердің шығармаларына және Нәсими, тіпті XVIII ғасырдағы Осман түріктерінің Нәдим, Бақи сынды ақын-жазушылардың шырқау шыңына жеткізген көркем

шығармаларын үлкен қызығушылықпен үйренуі, оларды басқа да тілдерге аударуы түркі тілдерінің терең мәдениетін таратуда үлкен үлес қосты. Алайда, түркі халықтарының тілдік және мәдени өркениетінің тамыры тереңдігін сезген Батыс миссионерлері осы халықтарды отарлап алуды жөн санап, ең әуелі істі экспедициялық зерттеулерден бастады. Кеңестік кезеңдегі орыстандыру бағытында атқарылған жұмыстар нәтижесінде түркі тілдерінің ортақ жазу кеңістігі бұзылып, араб жазуы арқылы ұғынысып, хат алмасып келген түркі халықтары орыс тілінсіз бірін-бірі ұға алмайтын жағдайға жетті. Түркі халықтарының тілдік құрамындағы шет тілдік сөздер орыс тілінің заңдылығымен бірге еніп, осы тілді тұтынушылардың өз тілін ұмытып, орысша таза сөйлеуіне, соның салдарынан әлеуметтік ұлтшілік ыдырауға алып келді. Бүгінгі таңда қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, алтай, башқұрт, татар, ұйғыр, т.б. түркітілдес халықтардың өз ана тілдерінде сөйлейтін және орыстілді болып бөлінуін кеңестік кезеңде жүргізілген тіл саясатының салдары деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай Құнанбайұлы. *Шығармаларының екі томдық толық жинағы* /ең алғашқы түпнұсқасы 1940 жылы шыққан./ 2 т.- Алматы, «Жазушы», 2005.
2. Әуезов М. *Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері* // Қазақ әдебиеті, 1955.
3. Гачечиладзе Г. *Художественный перевод и литературные взаимосвязи*. –М.: Советский писатель, 1980.
4. *Абай*. /Қара сөз = Книга слов/ ең алғаш 1918 ж. Семейде "Абай" журналында жарық көрді/, Семей, Международный клуб Абая, 2001. - 264 б.
5. Уринбаев У. *Абай /Насихат Сузлар/*. - Алматы, «Жазушы», 2006. –160 б.
6. Ысмағұлов Ж. *Абай: ақындық тағылымы*. - Алматы, Ғылым, 1994.- 280 б.
7. Федоров А. *Основы общей теории перевода*. – М.: Советский писатель, 1972.